**Қор нарығын дамыту және қор нарығындағы халықтың инвестициялық белсенділігін арттыру жөніндегі 2008 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 желтоқсандағы N 1219 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 17 ақпандағы N 165 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 17 ақпандағы N 165 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысымен бекітілген Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарының 11.1-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қор нарығын дамыту және қор нарығындағы халықтың инвестициялық белсенділігін арттыру жөніндегі 2008 жылға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісім бойынша):

1) Іс-шаралар жоспарының уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жылына екі рет, 10 қаңтарға және 10 шілдеге жарты жылдықтың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жылына екі рет, 25 қаңтарға және 25 шілдеге жарты жылдықтың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2007 жылғы 11 желтоқсандағы N 1219 қаулысымен бекітілген

# Қор нарығын дамыту және қор нарығындағы халықтың инвестициялық белсенділігін арттыру жөніндегі 2008 жылға арналған іс-шаралар жоспары

| Р/сN | Іс-шара | Аяқталу нысаны | Орындауға жауаптылар | Орында-лу мер-зімдері | Болжам-ды шы-ғыстар | Қаржы-ланды-ру көзі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| **1. Бағалы қағаздар нарығын реттейтін заңнаманы жетілдіру** | | | | | | |
| 1 | 2008-2010 жылдарға ар-налған Қаза-қстан Респу-бликасының бағалы қаға-здар нарығын дамыту бағ-дарламасын әзірлеу | Норматив-тік құ-қықтық акт | ЭБЖМ ( жинақтау),ҚҚА, ӨҰБ (келісім бойынша), Қаржымині | 2008 жылғы ақпан | Талап етілмей-ді | |
| 2 | Жарғылық ка-питалына ме-млекет қаты-сатын ұйым-дардың, сон-дай-ақ ұлт-тық холдинг-тер мен ұлт-тық басқару-шы компания-ның еншілес және тәуел-ді ұйымдары бағалы қаға-здарының айналымы, сондай-ақ халықтың ба-ғалы қағаз-дарды сатып алу мәселе-лерін рет-тейтін нор- | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ұсыныстар | ЭБЖМ ( жинақтау), Қаржымині, Әділетмині, ҚҚА (келі-сім бойын-ша), АӨҚОҚРА (келісім бойынша),» "Атамекен" Одағы (келісім бойынша) | 2008 жылғы ақпан | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | мативтік құқықтық актілерді талдау | | | | Талап етілмейді | |
| 3 | Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына бағалы қағаздар нарығы және халықтың бағалы қағаздарды сатып алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыруларды әзірлеу және енгізу | Нормативтік құқықтық актілер | ҚҚА (келісім бойынша), (жинақтау), Қаржымині ЭБЖМ, Әділетмині, АӨҚОҚРА (келісім бойынша) "Атамекен" Одағы (келісім бойынша) | 2008 жылғы наурыз | Талап етілмейді | |
| 4 | Инвестициялық жобаларды іске асыруда әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың қатысуын реттейтін нормативтік актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Нормативтік құқықтық актілер | ИСМ (жинақтау), ЭБЖМ, Қаржымині, Әділетмині, "Атамекен" Одағы (келісім бойынша) | 2008 жылғы наурыз | Талап етілмейді | |
| **2. Жарғылық капиталына мемлекет қатысатын ұйымдардың, сондай-ақ ұлттық холдингтердің және ұлттық басқару компаниясының еншілес және тәуелді ұйымдарының бағалы қағаздарын** | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **сатудың дайындық кезеңі** | | | | | | |
| 5 | Қор нарығының тиімді жұмыс істеуі үшін нарықтың бағалы қағаздарға мұқтаждығын анықтау, атап айтқанда: жеке құралдар бөлінісінде (акциялар, облигациялар және т.б.) қор нарығының жалпы көлемінде; қор нарығындағы сұраныс деңгейінде; ішкі нарықтың басқа да ерекшеліктерінде | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | ҚҚА (келісім бойынша), (жинақтау), ЭБЖМ, Қаржымині, АӨҚОҚРА (келісім бойынша | 2008 жылғы қаңтар | Талап етілмейді | |
| 6 | Жарғылық капиталына мемлекет қатысатын ұйымдардың, сондай-ақ ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарының қор нарығындағы жоспарлы инвестициялық жобаларына талдау жүргізу және нәтижелері бойынша қор нарығында қарыз алу есебінен әрбір жеке жобаны қаржы- | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | ЭБЖМ (жинақтау), уәкілетті мемлекеттік органдар, ұлттық холдингтер, ұлттық басқарушы компания, ұлттық компаниялар | 2008 жылғы наурыз | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ландыру бойынша ұсыныстар енгізу | | | | Талап етілмейді | |
| 7 | Қор нарығы арқылы қаражат тарту жолымен жарғылық капиталына мемлекет қатысатын ұйымдардың, сондай-ақ ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарын капиталдандыру мәселесін қарау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | ЭБЖМ (жинақтау), уәкілетті органдар, ұлттық холдингтер, ұлттық басқарушы компания | 2008 жылғы наурыз | Талап етілмейді | |
| 8 | Қор нарығы арқылы коммуналдық меншіктегі акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін жекешелендіру мүмкіндігін қарау | Қазақстан Республикасының Үкіметінеақпарат | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2008 жылғы наурыз | Талап етілмейді | |
| 9 | Қор алаңдарының ресми тізімдеріне Іс-шаралар жоспарына 2-қосымшада көрсетілген ұйымдарды енгізу жөніндегі листингтік іс-шараларды жүргізу | Қаржыминіне ақпарат | Уәкілетті мемлекеттік органдар | 2008 жылғы шілде, қараша | Талап етілмейді | |
| | БАҚ-та жарғылық капиталына мемлекет қатысатын ұйым- | | | | | Республикалық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 10 | дардың, сондай-ақ ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарының бағалы қағаздарын қор нарығын сату туралы ақпарат орналастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметінеақпарат | Қаржымині, ұлттық холдингтер, ұлттық басқарушы компания, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Заңнамада белгіленген мерзімде | Талап етілмейді | және жергілікті бюджеттердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық басқарушы компанияның қаражаты |
| 11 | Іс-шаралар жоспарына 1-қосымшаға сәйкес жарғылық капиталына мемлекет қатысатын ұйымдардың бағалы қағаздарын қор нарығы арқылы сатуды жүзеге асыру | Қазақстан Республикасының Үкіметінеақпарат | Қаржымині | 2008 жылғы 1-жартыжылдық | Талап етілмейді | Республикалық бюджет және АҚ қаражаты |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
АӨҚОҚРА - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі
ҚҚА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі
БАҚ - бұқаралық ақпарат құралдары
АҚ - акционерлік қоғамдар
"Атамекен" Одағы» - "Атамекен Одағы" Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы" заңды тұлғалар бірлестігі

Қор нарығын дамыту және қор нарығындағы халықтың

инвестициялық белсенділігін арттыру жөніндегі 2008 жылға арналған іс-шаралар жоспарына
1-қосымша

## Бағалы қағаздары қор нарығы арқылы сатылатын мемлекет қатысатын ұйымдардың тізбесі

| Р/сN | Ұйымның атауы | Акцияларының мемлекеттік пакетінің мөлшері, % | Орындалуына (іске асырылуына) жауаптылар | Іс-шара | Орындалу (іске асырылу) мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | "Қазақстан ипотекалық компаниясы" АҚ (Алматы қаласы) | 100 | Қаржымині, АӨҚОҚРА | Қосымша эмиссияның 10%-ына дейінгі акцияларын орналастыру | 2008 жылғы I тоқсан |
| 2 | "ENRC" PLC компаниясы (Ұлыбритания) | 24,865 | Қаржымині,ҚҚА, АӨҚОҚРА | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату (жарғылық капиталының 0,8%-ына дейін) | 2008 жылғы II тоқсан |

Қор нарығын дамыту және қор нарығындағы халықтың инвестициялық белсенділігін арттыру жөніндегі 2008 жылға арналған іс-шаралар жоспарына
2-қосымша

## 2008 жылы листингтік рәсімдерден өтуі тиіс мемлекет қатысатын ұйымдардың тізбесі

| Р/сN | Ұйымның атауы | Акцияларының мемлекеттік пакетінің мөлшері, % | Орындалуына (іске асырылуына) жауаптылар | Іс-шара |
|---|---|---|---|---|
| | | | | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | "Күзет»мамандандырылған күзет бөлімшесі" АҚ (Алматы қаласы) | 100 | І І М , АӨҚОҚРА | (жарғылық капиталының 100 %-ына дейін) |
| 2 | "Медициналық көлік қызметі" АҚ (Алматы қаласы) | 34 | Д С М , АӨҚОҚРА | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату (жарғылық капиталының 34 %-ына дейін) |
| 3 | "Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті" А Қ (Алматы қаласы) | 35 | Б Ғ М , АӨҚОҚРА | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату (жарғылық капиталының 35 %-ына дейін) |
| 4 | "Қазақ гуманитарлық заң университеті" АҚ (Астана қаласы) | 35 | Б Ғ М , АӨҚОҚРА | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату (жарғылық капиталының 35 %-ына дейін) |
| 5 | "Қазақжарылысөнеркәсіп" АҚ (Алматы қаласы) | 100 | И С М , АӨҚОҚРА | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату (жарғылық капиталының 100 %-ына дейін) |
| 6 | "Құрылысконсалтинг" ұлттық орталығы" АҚ (Астана қаласы) | 49 | И С М , АӨҚОҚРА | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату (жарғылық капиталының 49%-ына дейін) |
| 7 | "ҚазАвтоКөлік" АҚ (Астана каласы) | 100 | ККМ, ҚҚА, АӨҚОҚРА | 3,5млрд. теңгеге дейінгі сомаға облигациялар шығару |
| 8 | "Қазақ спорт және туризм академиясы" АҚ (Алматы қаласы) | 20 | Б Ғ М , АӨҚОҚРА | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату (жарғылық капиталының 20 %-ына дейін) |
| 9 | "Сарыарқа" ӘКК" ҰК" АҚ ( Астана қаласы) | 100 | ИСМ, ҚҚА, АӨҚОҚРА | 5млрд.теңгеге дейінгі сомаға облигациялар шығару |
| 10 | "Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті" АҚ (Жезқазған қаласы) | 35 | Б Ғ М , АӨҚОҚРА | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату (жарғылық капиталының 35 %-ына дейін) |
| 11 | "М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясы" АҚ ( Алматы қаласы) | 35 | Б Ғ М , АӨҚОҚРА | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату (жарғылық калиталының 35 %-ына дейін) |
| 12 | "Қазақ бас сәулет -құрылыс академиясы" АҚ (Алматы қаласы) | 35 | Б Ғ М , АӨҚОҚРА | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату (жарғылық капиталының 35 %-ына дейін) |
| 13 | | 33,65 | | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату (жарғылық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | "Алматы энергетика және байланыс институты" АҚ (Алматы қаласы) | | БҒМ, АӨҚОҚРА | капиталының 33,65 %-ына дейін) |
| 14 | "Жеңіс" АҚ (Қарағанды облысы, Түгіскен кенті) | 28,72 | АШМ, АӨҚОҚРА | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату (жарғылық капиталының 28,72 %-ына дейін) |
| 15 | "Орман питомнигі" АҚ (Алматы облысы) | 100 | БҒМ, АӨҚОҚРА | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату (жарғылық капиталының 100 %-ына дейін) |
| 16 | "Қарағанды полиграфиясы" АҚ (Қарағанды қаласы) | 49 | МАМ, АӨҚОҚРА | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату (жарғылық капиталының 49 %-ына дейін) |
| 17 | "Арман санаторийі" АҚ (Оңтүстік Қазақстан облысы, Көктерек кенті) | 100 | ІІМ, АӨҚОҚРА | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату (жарғылық капиталының 100 %-ына дейін) |
| 18 | "Азаматтық авиация академиясы" АҚ (Алматы қаласы ) | 89,7 | БҒМ, АӨҚОҚРА | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату (жарғылық капиталының 89,7 %-ына дейін) |
| 19 | "Арқа санаторийі" АҚ (Астана қаласы) | 100 | ІІМ, АӨҚОҚРА | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату (жарғылық капиталының 100 %-ына дейін) |
| 20 | "Жезқазған Эйр" авиакомпаниясы" АҚ (Жезқазған қаласы) | 90 | Қаржымині, АӨҚОҚРА | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату (жарғылық капиталының 90 %-ына дейін) |
| 21 | "Қазақ әуендері" АҚ (Астана қаласы) | 100 | МАМ, АӨҚОҚРА | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату (жарғылық капиталының 100 %-ына дейін) |
| 22 | "Дипломатиялық корпусқа қызмет көрсету жөніндегі басқарма" АҚ (Алматы қаласы) | 100 | СІМ, АӨҚОҚРА | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату (жарғылық капиталының 100 %-ына дейін) |
| 23 | "Баспалар үйі" АҚ (Алматы қаласы) | 100 | МАМ, АӨҚОҚРА | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату (жарғылық капиталының 100 %-ына дейін) |
| 24 | "Қазақстандық ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры" АҚ (Алматы қаласы) | 75 | Қаржымині, АӨҚОҚРА | Акцияларының мемлекеттік пакетін сату (жарғылық капиталының 75 %-ына дейін) |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Қоршағанортамині - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
ККМ - "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
АӨҚОҚРА - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі
ҚҚА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі
АҚ - акционерлік қоғамы
ҰК - ұлттық компания
ӘКК - әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК